



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Ташетова Жанар Хамитовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
блыстық әдістемелік кабинеті әдіскері
«Қостанай қаласы білім бөлімінің № 21
жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай қаласы, Қазақстан
E – mail: tashetova2012@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада ұлағатты ұстаз, кемеңгер жазушы Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын орыс әрпімен қазақ тілінде бастырып шығарғаны және қаламгер ретінде танымдық, тәрбиелік мәні зор, көркемдігі жоғары көптеген өлең, әңгіме, мысалдар жазып, кереметтей оқулық құрастырғаны айтылады.

Түйінді сөздер: ағартушы – ұстаз, хрестоматия, шығармашылық қызмет, мол мұра.

Аннотация

В статье говорится, что в 1879 году в городе Орынбор великий педагог и талантливый писатель Ыбырай Алтынсарин издал учебник «Казахская хрестоматия» на казахском языке русским шрифтом и как писатель написал множество стихов, рассказов, примеров высокой художественной ценности и создали прекрасный учебник.

Ключевые слова: Просветитель – педагог, хрестоматия, творческая деятельность, богатое наследие.

Abstract

The article says that Ibrai Altynsarin, a great teacher and genius writer, published the textbook «Kazakh Reader» in Russian in Orenburg in 1879 and as a writer wrote many poems, stories, examples and composed a wonderful textbook.

Key words: Educator – teacher, textbook, creativity, rich heritage.

Қазақ халқының данышпан перзенттерінің бірі – тұңғыш ағартушы, педагог жазушы Ыбырай Алтынсарин. Бүкіл қазақ даласына да, барлық қазақ баласына «Кел, балалар, оқылық!» деп оқуға шақырған ұлы ұстаз, ағартушы Ыбырай Алтынсарин бейнесі бұрынғы ғасырларда да, келешекте де, яғни алдағы ғасырларда да тарихта мәңгілікке жазылған, уақыт өткен сайын биіктей түсетін және алдымыздан алтын әріппен жарқырап шыға беретін «Ұстаздардың ұстазы» болып қала береді.

Ғұмырын туған халқының өсіп – өркендеуі жолына арнаған Ұлы ұстаздың ізденіске, күреске толы өмір жолы мен шығармашылық қызметі, әдеби мұрасы кім – кімді де қызықтырады сөзсіз.

Ыбырай Алтынсариннің есімі халқымыздың ұлттық мақтанышы болып саналатын аса көрнекті қайраткер, әрі бар саналы ғұмырын туған халқын жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Әйгілі ағартушы, тамаша педагог, белгілі жазушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шыр-мауынан босатып, олардың бойына өнер – білімді сіңіру жолында көп еңбек етті. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер даярлауға күш салды.

Ыбырай жасаған оқулық, ең алдымен, орыстың, қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс – тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам – талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ, керісінше, оған материалдарды қазақ балаларының түсінік – танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып, құрастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы – ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға бойындағы бар күш – қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады.

Әйгілі ағартушы Ы.Алтынсарин қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шыр-мауынан босатып, олардың бойына өнер – білімді сіңіру жолында көп еңбек етті.

Білім шырағын жаққан ұстаз жазушының артына қалдырған мол мұрасы арнайы зерттеудің қазыналы өзегі болып келеді, бола да бермек.

Ұлағатты ұстаз, кемеңгер жазушы Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Орынбор қаласында «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын орыс әрпімен қазақ тілінде бастырып шығарады.

Оқулық Ы.Алтынсариннің өзі шығарған «Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық!» өлеңімен басталады. Жинаққа қазақ халқының ертегі, аңыздары мен мақал – мәтелдері кеңінен енгізілген. Әрине, тәлімдік, тәрбиелік мәні зор үлкен ізденістен туындаған Ыбырай Алтынсариннің өз туындылары: балалардың түсінік, талғамына лайықталып жазылған өлең, жыр, қысқа әңгімелері жинақталған.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» екінші кітабы 1880 жылы Троицк қаласында басылып, шығады. Бұл оқулық жаратылыс пәніне арналған, адам, хайуан, басқа да жан – жануар тіршілік заты туралы жазылған мақалалардан тұрды.

Кітаптың алғы сөзінде Ы.Алтынсарин былай деп жазады: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс – қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» [1, б. 5].

Ағартушы ұстаздың орыс әрпімен жазған оқулығы ойлағанындай болмады. Білімге көбіне – көп араб әрпімен жазылған кітаптарымен сусындаған қазақ жастары орыс әрпімен жазылған өз тіліндегі оқулыққа күдіктене қарады. Оған бұл кезеңдегі себеп те жоқ емес – ті.

Ы.Алтынсарин белгілі шығыстанушы, ғалым – профессор, орыстан өзге ұлттарға арналған Қазан қаласындағы оқытушылар семинариясының директоры Н.И.Ильминскиймен үнемі хабарласып, хат алысып тұрған. Шығармадағы қазақ даласынан мектептер ашуда, бала оқытуда бұл достықтың игі көмегі де тиеді. Ы.Алтынсарин, сондай – ақ, Орынбор оқу округінің өзге ұлттарға арналған мектептерінің инспекторы В.В.Катаринскиймен де оқу – тәрбие туралы хат жазысып, пікір алмасқан.

Ыбырайдың пікірлес достары арасында ағартушылар А.Алекторов, А.Бессонов, А.Мозохин, В.Григорьевтер болған. Дегенмен, Ы.Алтынсарин олармен қазақ халқының тағдырына қатысты мәселелерде үнемі пікірлес бола бермеген. Әсіресе, олардың тілге, дінге қатысты миссионерлік әрекеттеріне қарсылық білдіріп отырған. Бұл Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын» жазар алдындағы әңгіме. Айталық, Ыбырай Алтынсарин сол кезде қалыптасқан араб әрпіне негізделген қазақ жазуының орнына орыс алфавитіне көшіруге мүлде қарсы болған.

Ы.Алтынсарин 1871 жылғы 31 тамызда Н.И.Ильминскийге жазған хатында бұл ойын тамаша дәлелдермен білдіреді: «Сіз, бұл хатыңызда қазақ даласына орыс алфавитін енгізу жөнінде пікір айтқан екенсіз... Дегенмен, оны жүзеге асыру үлкен қайшылыққа кездеседі. Орыс әрпімен жазылған кітаптар қазақ арасына тап біздің ойлағанымыздай, жеңіл және тез сіңе қоймайды... Кітаптарды қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек» [2, б. 20]. Ы.Алтынсариннің бұл ұсынысын миссионерлік насихат барынша етек алған кезеңде Ресей патшалығы тарапынан тыңдар адам болмады. Қайта, ағартушылық қызметке қолдаушысы болып жүрген Н.И.Ильминский де Ресейдің халық ағарту министрі, граф Д.А.Толстой да, қасиетті Синодтың обер прокуроры К.П.Победоносцев та өз пиғылдарынан қайтпайды. Қазақтар арасына орыс алфавитін күштеп енгізуге тырысты.

Сондықтан да, Ы.Алтынсарин өзінің «Қазақ хрестоматиясын» орыс әрпімен жазып, бастыруға мәжбүр болды. Ыбырайдың айтқаны дұрыс болды. Кезінде орыс әрпімен басылған оқулық қазақтар арасында кеңінен тарамдады. «Қазақ хрестоматиясы» баспадан шыққаннан кейін сол Ильминскийге жазған бір хатында Ы.Алтынсарин мынадай өкініш білдірген: «Бұдан бұрын қазақ тілінде еш уақытта кітап шыққан емес. Кітабымды алғашқы көргенде жұрт таң – тамаша қалды, үрейлене оқыды, ақырында ұнатпайды».

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының» үшінші кітабы өзі қайтыс болғаннан кейін 1889 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Жинаққа елуге тарта қысқа әңгіме, ертегі, мысалдар енеді. Бұлардың дені ақын, жазушы, аудармашы – ұстаз Ыбырайдың өз қаламынан туындаған дүниелер еді.

Кітап Ыбырай Алтынсариннің өзі армандағандай араб әрпімен, қазақ тілінде басылып шықты. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин жазушы қаламгер ретінде танымдық, тәрбиелік мәні зор, көркемдігі жоғары көптеген өлең, әңгіме, мысалдар жазып, кереметтей оқулық құрастырды. Сөйтіп, қазақ топырағында нағыз педагогикалық ой – пікірдің негізін қалаған, қазақтың барша болашақ өркені:

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық! –

деп бастап, біліммен сусындаған тұңғыш қазақша оқулығын жазды. Қазақ халқын оқу – білімге, мәдениетке үндеп халық ағарту саласында көп еңбек сіңірген тамаша педагог, ағартушы – ғалым, қаламгер Ыбырай Алтынсарин кезінде талай қиындықтардан алған бағытында кедергілерге де кезіккен. Бірақ, қайсар жан мойымаған. Нәтижесінде күні бүгінге дейін мәнін жоймаған мол мұра қалды.

Көрнекті әдебиетші ғалым Қажым Жұмалиев өзінің «ХУІІІ–ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог – жазушыға: ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын – жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор,» – деп баға береді [3, б. 13].

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан – жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

Ыбырай Алтынсарин өз халқын жан – тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш – жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот еді. Білімге деген құштарлық, халқына

қалтқысыз қызмет ету – Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Ол мәдениет пен білімнен артта қалған ел – жұртын көрші елдің өнер – білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты.

Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды.

Қазіргі өркениетті қазақ халқы небәрі 48 жасында өмірден өткен Ыбырай атамызды ұлы ұстаз, педагог, ғалым, ірі қоғам қайраткері деп бағалап құрмет тұтады.

Білім шырағын жаққан ұстаз жазушының артына қалдырған мол мұрасы арнайы зерттеудің қазыналы өзегі болып келеді, бола да бермек. Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин келешек ұрпағына өлеңдері мен әңгімелері оқырманына түсінікті, тілі жеңіл, тәрбиелік мәні зор, әркімге де үлкен ой салатындай тақырыбы әсерлі, көркем бейнеленген, ойын жеткізуде тілдік стиль ерекшелігі мол әдеби, құнды мұрасын қалдырды.

Олай болса, Ыбырай Алтынсарин – дала қоңырауы атанған Ұлы дала перзенті. Өз заманының ең маңызды мәселесі – қазақ балаларын оқыту екенін біліп, көктемнің алғашқы қарлығашындай қанатымен жел тербеткен сары далаға білім нәрін сепкен, қазақ мектептерінің қалыптасуына бар күш – жігерін жұмсаған азамат. Ыбырай Алтынсариннің қазақтың ағартушылық тарихында қалдырған ізі және ұлттық мектеп, яғни, қазақ мектептерінің қалыптасуына сіңірген еңбегі орасан зор. Мақаламды Ұлы ағартушыға деген өлең жолдарыммен қорытындылайын.

Бүтін ел,
Толық адам,
Жарты ғасыр –
Ілкі тарих шертуде жалпыға сыр.
Терең теңіз тарихы тебіренсе,
Толғағына салғандай толқын асыр.

Туған жерін таныған есімінен,
Қасиетін сезетін кесімінен.
Тегіне тартып өскен тарлан балам,
Тектілігін бастаған бесігінен

Жүрек дертін өртейді жалынды өлең,
Жалынды өлең алысқан дауылменен.
Тұлғасын, я болмаса тегін емес,
Тәрдегі ел қара өлеңін қадірлеген.

Намазын қарсы қойған қара жынға,
Шындығын басым қылған таразы ұлға.
Жалпақ жұрттың тағдыры суреттелген,
Өмірлік бір жапырақ қағазында.

Түкпірінде қаласың жүрегімнің,
Ыбырай – ұлы тұлға біле білгің.
Білімнің көзін ашып кеткеніңмен,
Есігін жауып кеттің бұл өмірдің

Тоғыстырған бір арна жүз бөлімді,
Сыйлаған күн шуағын күзге нұрлы.
Ыбырай – ашық мектеп оқушыға,
Дәл солай сүру керек бізге өмірді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. Алматы: «Ғылым», 1994 ж.
2. Алтынсарин Ы. Елтұтқа. Астана: «Күлтегін», 2001 ж.
3. Қалиев С.Ы. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Алматы: Рауан, 1991 ж.